

БҚАТУ студенттері жұмыс берушілермен кездесті

Жәңгір хан университетінде дәстүрлі «Бос орындар жәрмеңкесі – 2026» іс-шарасы өтті.

Шараның басты мақсаты – университет түлектерінің жұмысқа орналасуына ықпал ету, кәсіпорындар мен оқу орны арасындағы байланысты нығайту.

Алдымен университеттің акт залында өткен жиынға университеттің басқарма төрағасы-ректор Асқар Наметов, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің БҚО бойынша департаментінің, БҚО Стратегия және даму басқармасының, БҚО әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильділігі орталығы» мемлекеттік мекемесінің, Орал қалалық халықты жұмыспен қамту орталығының мамандары және «Қаржы орталығы» АҚ мамандары, кәсіпорын өкілдері мен бітіруші курстың студенттері қатысты.

Шара барысында сөз алған университеттің оқу жұмыстары жөніндегі проректоры Нұркен Губашев жыл сайын өтетін жәрмеңкенің маңыздылығына тоқталып, бұл шараның бітіруші кур-



стар үшін ұйымдастырылатынын атап өтті. Бұдан әрі мекеме өкілдері сөз алып, білім алушыларға өз салалары бойынша толыққанды ақпарат берді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі БҚО бойынша департаментінің басшысы Мұрат Байсалов мемлекеттік қызметке орналасу тәртібі туралы баяндаса, БҚО стратегия және экономикалық даму басқармасының бөлім басшысы

Райса Еркеғалиева, Орал қалалық мансап орталығы директорының орынбасары Сағира Бимұхамбетова, Еңбек ұтқырлығы орталығының маманы Думан Әнуаров «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны», «Дипломмен – ауылға» сынды мемлекеттік бағдарламаларды және жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдарды ерікті түрде көшіру қағидаларын түсіндірді. Ал «Қаржы орталығы» АҚ бас маманы Гүлнәр Сәрсенбаева «Мемлекеттік білім беру грантын міндетті өтеу» туралы әңгімеледі. Жиыннан соң жұмыс беруші кәсіпорындар өкілдері бос лауазымдар бойынша үміткерлермен әңгімелесулер өткізсе, облыс аудандары әкімдерінің аппарат басшылары мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алатын түлектермен жүздесті.

Статистикаға сүйенсек, соңғы екі жылда Жәңгір хан университетін екі мыңнан астам түлек бітірсе, солардың 80 пайыздан астамы жұмысқа орналасты. Ал биыл университет қабырғасынан 1 096 жас түлек ұшқалы отыр. Өткен жылы «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесіне 70-тен астам жұмыс беруші қатысқан болатын, ал биыл 90-ға жуық мекеме-ұйым



өкілдері келді. Негізінен Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті аграрлық, ветеринарлық, техникалық, құрылыс, машина жасау, көлік сервисі, IT, экономика салалары бойынша мамандар даярлайды. Бос жұмыс орындары жәрмеңкесін университеттің «Мансап және бизнес-серіктестік» орталығы ұйымдастырды.

Халықаралық семинар өтті

Жәңгір хан университетінде Америкалық микробиология қоғамының (American Society for Microbiology) қолдауымен «Микробқа қарсы төзімділік: жаһандық қиындықтар мен шешу жолдары» тақырыбында халықаралық семинар өтті.

Оған Қазақстан, Ресей, Литва, Өзбекстан, Қырғызстан, Беларусь және Ұлыбритания елдерінің ғалымдары мен сарапшылары, сондай-ақ ветеринариялық бақылау және қадағалау жүйесінің, денсаулық сақтау саласының, халықаралық ұйымдардың өкілдері, соның ішінде Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымы (WOAH/МЭБ) өкілдері қатысты.

Семинар барысында микробқа қарсы резистенттіліктің таралуы, антибиотиктерді ұтымды қолдану, биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ведомстваралық өзара іс-қимыл және халықаралық ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Айта өтейік, бүгінде микробқа қарсы резистенттілік адам мен жануарлар денсаулығына төнетін ең күрделі жаһандық қауіптердің бірі болып отыр.

– Біздің университетте



микробқа қарсы төзімділік мәселесіне арналған халықаралық семинар өтті. Бұл тақырыптың өзектілігі антибиотиктер тиімділігінің біртіндеп төмендеуімен байланысты. Соның салдарынан адамдар мен жануарлардағы жұқпалы ауруларды емдеу қиындай түседі. Бұл аурудың ұзаққа созылуына, қосымша экономикалық шығындарға және ауыл шаруашылығы жануарлары өнімділігінің төмендеуіне алып келеді. Осы іс-шараны қолдаған Америкалық микробиология қоғамына ерекше алғысымызды білдіреміз. Бұл қолдаудың арқасында біз әртүрлі елдердің мамандарын бір алаңға жинап, бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірін талқылауға мүмкіндік алдық. Мұндай кез-

десулер тек тәжірибе алмасу үшін ғана емес, нақты шешімдер қабылдау үшін де маңызды, – дейді Жәңгір хан университеті ветеринария және биологиялық қауіпсіздік зертханасының меңгерушісі Лаура Душаева.

Халықаралық семинар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің бастамасымен Қазақстан Республикасының ветеринария саласын дамытудың кешенді жоспары аясында ұйымдастырылды. Семинар қорытындысында әзірленген ғылыми-практикалық ұсынымдар Қазақстан Республикасының ветеринария саласында дамытудың кешенді жоспарына енгізу үшін қарастырылатын болады.

Студенттер IT фестивалінде жобаларын ұсынды

Орал қаласында тұңғыш рет «IT SPEAKERS DAY» атты цифрлық технологиялар және инновация фестивалі өтті.



Оның негізгі мақсаты – өңірдегі IT саласы мен жасанды интеллекттің даму деңгейі туралы ақпарат беріп, оқушылар мен студенттердің цифрлық дағдыларын, креативті ойлауын дамыту, жобалар әзірлеуге ықпал ету және тәжірибе алмасу болды.

Аталған фестивальге Жәңгір хан университетінің «ақпараттық жүйелер және технологиялар» мен «агроинформатика» мамандықтарының білім алушылары қатысты. Шара барысында аға оқытушы, техника ғылымдарының магистрі Анаргүл Бекенованың жетекшілігімен II курс студенттері Елер Ерманов, Сабит Сұлтан, Талап Ерасыл және Ернар Мерханов қазіргі таңдағы өзекті тақырыпқа арналған жасанды интеллект көмегімен әзірленген жобаларын таныстырды.

Студенттер өз жобаларын аудиторияға жоғары деңгейде жеткізе білді. Жәңгір хан университетінің студенті Ернар Мерханов «Batys Hub» инновациялық орталығынан «Аналитика данных и искусственный интеллект» курсына грант жеңіп алды. Фестиваль білім алушылардың көңілінен шықты.

«Ауыл тұрғындарының табысын арттыру» форумы өтті

Жәңгір хан университетінде «Ауыл» партиясының ұйымдастыруымен «Ауыл тұрғындарының табысын арттыру» форумы өтті. Форум ауылдық жерлерде іске асырылған шағын өндіріс жобаларының көрмесімен танысудан басталды. Аталған шараға «Ауыл» партиясының төрағасы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, аграрлық мәселелер бойынша комитеттің төрағасы Серік Егізбаев қатысты.



Форум аясында елді мекендердегі өндіріс жобалары таныстырылып, агрокәсіп, балық шаруашылығы, өңдеу саласы бойынша тәжірибелер айтылды. Сондай-ақ әлеуметтік желі арқылы өнімді сату мен бизнесті дамыту тақырыптары талқыланды. Спикерлер кәсіпті дамытуға бағытталған нақты тәжірибелерімен бөлісті.

– «Ауыл» партиясының жобалары ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру үшін нақты жағдайлар жасауға бағытталған. Біздің басты міндетіміз – жергілікті жерлердегі бастамаларды қолдау, ауыл тұрғындарына бизнесті тиімді жүргізу құралдарын беру және өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз ету. Бүгінгі



форум мен ұсынылған көрме біздің ауылдардың өзін-өзі жұмыспен қамту және табысты шағын өндірістер құру үшін орасан зор әлеуетке ие екенін дәлелдеді, – деді «Ауыл»

партиясының төрағасы Серік Егізбаев.

Айта кету керек, мұндай форумдар ауыл шаруашылығы саласының дамуына тың серпін береді.

Университет Жангир хана – за экологию и устойчивое развитие

Университет Жангир хана активно поддерживает принципы экологии и устойчивого развития, предлагая программы по экологии, природопользованию и устойчивому развитию, а также внедряя принципы ESG в свою деятельность, сотрудничая с научными центрами и международными организациями, проводя исследования по биоразнообразию и новым технологиям для снижения воздействия на среду. Устойчивое развитие и забота об окружающей среде являются основными приоритетами университета.

В 2025 году в нашем ВУЗе был создан Центр по реализации Целей Устойчивого Развития. Основной целью Центра является интеграция вопросов устойчивого развития в образовательный процесс. Функциональные обязанности Центра включает в себя формирование экологической сознательности у обучающихся, преподавателей и сотрудников, а также внедрение устойчивых практик в повседневную деятельность. Важной задачей Центра является создание комфортной и здоровой образовательной среды, способствующей высокому уровню вовлеченности и социальной активности. Мы также уделяем особое внимание созданию инклюзивной среды, которая обеспечит равный доступ к образовательным возможностям для всех.

Согласно Плана работ Центра по внедрению ЦУР на 2025-2026 гг. 30 января 2026 года был проведен курс повышения квалификации для руководителей Образовательных программ ВУЗа, с целью формирования знаний, умений и компетенций, необходимых для интеграции принципов устойчивого развития в образовательный процесс. В ходе была проведена рефлексия в виде работы с 17 Целями Устойчивого развития: через ЦУР 12 надо было обосновать достижение всех остальных ЦУР. Было заслушано мнение Руководителей Образовательных программ о возможностях внедрения ЦУР и получено много положительных эмоций, как со стороны организаторов (Центр Устойчивого развития, Отдел дистанционного и дополнительного образования), так и со стороны слушателей (Руководителей Образовательных программ).

С 2025-2026 учебного года в учебный



процесс внедрены дисциплины, в которых освещаются 17 Целей Устойчивого развития согласно стратегическому плану ООН до 2030 года. Дисциплины, которые изучают все Образовательные программы Университета для сельскохозяйственного и экономического направлений «Экология, безопасность жизнедеятельности и устойчивое развитие», для технического направления «Техносферная безопасность и устойчивое развитие».

Центром по реализации Целей Устойчивого развития ЗКАТУ имени Жангир хана 11-12 февраля 2026 года между экошколами г. Уральск был организован ЭкоФест на тему: «Университет как драйвер экологических трансформаций». На мероприятии приняло участие более пятидесяти школьников из 11 школ г. Уральск и области. Команды соревновались по нескольким квестовым заданиям, по результатам победителям ЭкоФеста были вручены именные сертификаты на обучение по Образовательной программе «Промышленная экология»: 1 место – оплата 100% за первый год обучения (СОШ имени М. Каналиева, команда «Экокорғаушылар»); 2 место – оплата 70% от стоимости обучения за год (СОШ №14); 3 место – оплата 50% от стоимости обучения за год (СОШ №16). Целью ЭкоФеста было воспитать в подрастающем поколении инициативность, целеустремленность, командный дух и стремление менять мир к лучшему через заботу о природе и окружающей среде.

В рамках политики Центра мы также стремимся развивать и укреплять партнерские отношения с местными сообществами, государственными учреждениями и другими образовательными организациями для совместного решения актуальных проблем в области устойчивого развития. Так, 14 мая в стенах Университета был организован и проведен I Международная научно-практическая конференция на тему: «Климат и устойчивое развитие: вызовы будущего». На пленарном заседании выступили: проректор по научной работе ЗКАТУ имени Жангир хана Ә. С. Шәмшідін, Глава Офиса Постоянного координатора ООН в Казахстане А. Абдуганиев, руководитель Департамента экологии по Западно-Казахстанской области М. Ш. Ермаккалиев, руководитель отдела природоохранных программ и экологического регулирования Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Западно-Казахстанской области Ф. А. Султашева, руководитель филиала РГП «Казгидромет» Т. Қ. Шапанов, Национальный специалист по программе образования регионального офиса ЮНЕСКО в Алматы М. Алпысбаева, директор Института устойчивого развития имени Пан Ги Муна Казахского национального университета имени Аль-Фараби Д. Э. Урманова, Бизнес-тренер Академии государственной службы при Президенте РК, руководитель учебного центра в АО «Национальный центр экспертизы и сертификации» А. Н. Елемесова. На

конференции приняли участие ученые из Самаркандского государственного университета ветеринарии (Узбекистан), Самаркандского медицинского университета, Алматинского университета менеджмента, КазНАУ имени С. Сейфуллина, КазНУ имени А. Фараби, студенты и магистранты ЗКАТУ имени Жангир хана и другие. При завершении была оглашена Резолюция конференции, где были определены приоритетные направления действий: содействовать переходу к низкоуглеродной экономике и развитию «зелёных» технологий; поддерживать проекты в области возобновляемых источников энергии и энергоэффективности; развивать экологическое образование и формировать культуру ответственного потребления; стимулировать научные исследования и инновации в сфере климатической устойчивости; укреплять международное сотрудничество по вопросам климата и устойчивого развития; поддерживать участие молодежи в экологических инициативах и общественных проектах; внедрять принципы устойчивого развития в деятельность государственных и частных организаций.

Университеты не только создают и передают знания, но и занимают исключительное место в обществе. Политика в области устойчивого развития Университета сосредоточена на создании и поддержке образовательной среды, которая является экологоориентированной, социальной справедливой и экономически стабильной. Основным аспектом стратегии реализации ЦУР Университетом является внедрение принципов устойчивого развития в образовательный процесс, научные исследования в повседневную деятельность университета. Мы призваны построить университет, который тесно сотрудничает с окружающей средой, соблюдает экологические стандарты и активно участвует в решении социальных и экологических вызовов. В рамках этой политики университет стремится улучшить свою энергетическую эффективность, минимизировать углеродный след, сократить количество отходов и повысить уровень переработки ресурсов.

Акжибек БУЛЕКОВА,
Ассоциированный профессор,
руководитель Центра
устойчивого развития

Құрылыс материалдары өндірісіндегі ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ҚАДАМДАР

Қазіргі таңда құрылыс саласының қарқынды дамуы ғалымдардан инновациялық ғылыми қадамдарды, тың серпінді талап етіп отыр. Осыған орай, бүгінде Индустриалды-технологиялық институттың құрылыс және құрылыс материалдары өндірісі білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми зерттеу бағытындағы инновациялық жобалар қолға алынған. Оған техника ғылымдарының докторы, профессор Сәрсенбек Монтаев жетекшілік етеді. Бұл жобалардың басты мақсаты – ішкі және сыртқы нарықта сұранысқа ие болып жүрген көпфункционалды энерготімді композициялық материалдар жасау.



Қазір қаладағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигонында үйіліп жатқан шыны ыдыстар мен әйнек сынықтарын, сондай-ақ ірі кәсіпорын «СтеклоСервис» ЖШС-дан шығатын ұнтақ қалдықтарын пайдаға асыру – ең басты мәселелердің бірі. Осының шешімін табу үшін біздің ғалымдар әйнекті құрылыс материалдарын жасау технологиясында қоспа ретінде құмның орнына пайдалануды қолға алған. Шыны қалдықтарын кәдеге жарату 2016 жылы басталды. Ғылыми жобадағы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде керамикалық кеспетастар (брусчатка) алғаш рет университет аумағындағы жаяу жүргіншілер жолына төселді. Зертханалық жағдайда сынамаланған 500 дана силикат кірпіш өндірілді. Бұған қоса, өндірістік-тәжірибелік сынамадан өткен көбікті шынының он шаршы метрдей эксперименттік үлгісі оқу ғимаратында жылу оқшаулағыш материал ретінде қолданылды.

Тасқала ауданындағы қоры мол кен орнынан өндірілетін экологиялық қауіпсіз материал – кремнийлі опока ең пайдалы шикізат болып шықты. Ал оған кәдімгі саздарды, көміртек қоспаларын араластырып, сүзгі-сорбент жасап, ластанған немесе техникалық суды ауыр металдардан, зиянды элементтерден, тұздылықтан тазартатын биофилт

жасап шығару идеясы алға қойылды. Сөйтіп, бүгінде биофилт рді қолданудың эксперименттік нәтижелері қаламыздағы «Батыс су арнасы» ЖШС және тағы да басқа өнеркәсіптік, гидротехникалық кәсіпорындардың назарына ұсынылды.

Біздің облыстың әр аймағында сазды топырақ молынан кездеседі. Осы сазды өнеркәсіптік мекемелердің техногендік қож (шлак), ұшпа күл (көмір) сияқты қалдықтарымен белгілі бір мөлшерде араластырып, пеште күйдіру арқылы керамикалық толтырғыш (керамдор) алуға болады. Мұның тиімділігінің өте жоғары екендігіне ғалымдар нық сенімді. Өйткені Тасқаладан шығатын кремнийлі опока жынысын белгілі температурада күйдіріп, жолға төсейтін қиыршық тас (щебень) немесе бетон ерітіндісін дайындағанда оның құрамына осы керамдорды жасанды толтырғыш тас ретінде пайдалануға болатынын ғылыми зерттеулер дәлелдеп отыр.

Осындай материалдарды шығару жолында жүргізілген ғылыми жоба барысында Батыс Қазақстан құрылыс материалдары корпорациясы базасында 200 тонна жасанды қиыршық тас өндіріліп, сатылымға шығарылды. Күйдіріліп жасалған қиыршық тастар мен керамикалық толтырғыштар БҚАТУ-ға

тиесілі ғимараттардың аумағында аба-тандыру жұмыстарында қолданылып отыр. Олардың өлшемдерін әртүрлі пішіндерге келтіріп, пигменттелген түрлі-түсті лак сырлармен бояп, ландшафтық сәндік бағытта пайдалануға әбден болады. Осы жұмыстарды жүзеге асыру үшін университет ректорының қолдауымен инвесторлар іздестіріліп жатыр. Жалпы айтқанда, болашақта өңірімізде аталған материалдарды шығаратын үлкен өндірістің іргетасы қалануы әбден мүмкін.

Енді құрылыс саласынан мал шаруашылығына келейік. Мұнда да үлкен жаңалықтар күтіп тұр. Мысалы, ет комбинаттарында жиналып қалатын тұяқ, мүйіз, тері қалдықтарын қайнатып, көбікті бетон жасауға кератинді көбіктендіргіш, маусымды қыркымнан игерілмей жататын жүн өнімдерін шикізат ретінде пайдаланып түрлі құрылыс материалдарын жасауға болатынын ғалымдарымыз өз еңбектерінде дәлелді түрде көрсетіп келеді. Сонымен қатар кремний жынысты опока мен бентонитті сазды, борды, биоактивті ащы жусанды араластырып, жентектеу (спекание) әдісімен құрама жем азықтарын алу туралы зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы бағытта ветеринария, зоотехния, химиялық техноло-

гия саласының ғалымдарымен бірлесіп орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстары құрылыс саласын жаңа материалдармен толықтыруға мүмкіндік береді деп күтіліп отыр. Осылай болған күнде, бұл – ауыл шаруашылығындағы экологиялық, ветсанитарлық-медициналық, эпидемиологиялық жағдайлардың өзекті мәселелерін шешетін тың идея болмақ.

Біз сөз етіп отырған осы инновациялық ғылыми еңбектер туралы мақалалар алыс, жақын шетелдік ғылыми журналдарда, халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланды. Экспонаттық үлгілері байқауларға, көрмелерге шығарылды. Жаңашыл ғылыми жобалар шеңберінде институттың үш оқытушысы доктор PhD атағын алса, бір докторант ғылыми жобаларға белсене қатысып, диссертация қорғауға дайындалып жатыр. Қазіргі таңда бірінші және екінші оқу жылының бес докторанты жаңашыл ғылыми жобалар бойынша зерттеу жұмыстармен айналысып жатыр.

Профессор Сәрсенбек Монтаевтың жетекшілігімен қолға алынған осы инновациялық ғылыми жобалар мемлекет және министрліктердің тапсырмасы бойынша жалғасын тауып келеді. Жоғарыда айтқан көбікті шыны, жасанды қиыршық тас, керамикалық толтырғыш, кератинді көбіктендіргіш алу және минералды сорбенттер, биоактивті жемшөп қоспаларын алу сынды инновациялық жобалардың барлығы халықаралық, ұлттық сараптамаларда қолдау тауып отыр. Бұлар – өзекті, ғылыми жаңашыл, экономикалық жағынан тиімді, үздік нәтижелер күтілетін технологиялар деп бағаланып отыр. Осыған орай, Ресей, Украина, Қытай, Түркия мемлекеттерінің ғалымдары ынтымақтастық қарым-қатынаста аталған жобаларды бірлесіп орындап, оны қолданысқа кенінен енгізуге ұсыныстарын білдірді. БҚАТУ-лық жаңашыл ғалымдардың алдағы күндерден сенімі мол.

Қаржаубай ДОСОВ,
Индустриалды-технологиялық институттың аға оқытушысы

ҒЫЛЫМҒА ЖОЛ НҰСҚАҒАН ТҮЛҒА

Биыл ауыл шаруашылығы ғылымдарының көрнекті ғалымы, профессор Сайлау Ахметұлы Бабаевтың туғанына 85 жыл толуына орай халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылып жатыр. Ғұмырын ғылым мен білім саласына арнаған ұстаздың жарқын бейнесі мен тағылымды жолы шәкірттері жадында мәңгі сақталады. Төменде ұсынылып отырған естелік – ғалымның шәкірті ретінде жүрек түкпірінен шыққан шынайы лебіз.



Аса қадірменді ғылым жолындағы жетекші ұстазымыз Сайлау Ахметұлы туралы естелік жазу – аса зор жауапкершілік жүктер іс. Сонау 1994-1997 жылдары Қазақ елінің оңтүстік астанасы Алматы қаласындағы Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты аспирантурасының күндізгі бөлімінде оқыған тұста еліміздегі көптеген диссертациялық кеңестер жабылып, ғылым жолында ізденіс танытқан жастарға қиын кезең туған еді. Батыс Қазақстан облысының Орал қаласынан барған жалғыз аспирант ретінде осы кезде Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің білікті ғалымы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Э. Э. Браун ғалым Сай-

лау Ахметұлы әріптесімен хабарласып, маған ғылыми жетекші болуын өтінген екен. Профессор Сайлау Ахметұлы еш қарсылық білдірмей, қуана қолдап, үлкен азаматтықпен келісімін берген-ді. Сол тұстан бастап өз саласының терең білгірі ғалым ағамыз маған тек ғылыми жетекші ғана емес, өмірлік ұстаз бола білді.

Ғылым жолы – өте ауыр әрі жауапкершілігі мол сала. Әсіресе, Батыс Қазақстан өңірінен келіп Алматы жеріне бейімделу мен үшін оңай шаруа бола қойған жоқ. Осы ретте профессор Сайлау Ахметұлы ағамыз маған әрдайым қолдау білдіріп, барлық жағдаяттарды жүйелеп отырды. Бір ғажабы, Сайлау Ахметұлы сол тұста институт директоры бола тұра, әрбір аспиранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарына жіті қарап, ағалық

қамқорлықпен әркез зор жауапкершілік үлгісін таныта білген-ді. Тақырыптық зерттеу жұмысымыздың әр бөліміне мұқият зер сала тексеріп, ғылыми тұрғыдан терең талдаулар жасайтын. Алдын ала қорғау кезінде сандаған сауалдар қойғызып, диссертациялық зерттеу жұмысымызды жан-жақты шындауға бағыт сілтей білді. Осы тұстарда кейде қаталдау талап қоятындай көрінгенімен, осының бәрі жас ғалым шәкіртінің өз саласын жете меңгеріп, нағыз ғалым тұрғысында қалыптасуымызға жасалған зор қамқорлық екенін кейінірек түсініп, ұққандаймыз. Аспирантура кезеңін сәтті тәмамдай келе «Продуктивность и семенные качества картофеля в зависимости от массы оздоровленных посадочных клубней и густоты посадки в условиях Западно-Казахстанской области» тақырыбында кандидаттық диссертациямды орнымен қорғап, 1998 жылы ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болдым.

Сөзсіз, осы ғылыми табысыма қол жеткізуде ғылыми жетекшім профессор Бабаев Сайлау Ахметұлының қосқан үлесі орасан. Әсіресе, диссертациямды қорғау кезінде ұстазымның қолдауы анық сезілді. Ғылым саласындағы беделі мен абыройының арқасында еліміздің әр аймағында қызмет атқарып жүрген белгілі ғалымдардан сын-пікірлер алуға жәрдемдесті. Бұл ғылыми зерт-

теу жұмысымыздың жоғары деңгейде қорғалуына үлкен ықпал еткені даусыз.

Профессор Сайлау Бабаев – тек үлкен ғалым ғана емес, адамгершілігі мол, кішіпейіл де жанашыр жан. Алматыға жолым түсіп бара қалғанда, міндетті түрде шақырып, дәм татқызып, хал-жағдайымызды сұрап отыратын. Оның қарапайымдылығы мен қамқорлығы шәкірттерінің жүрегінде мәңгі сақталады деп білемін. Кішіпейілділік кеменгерліктің белгісі деген осы болса керек-ті. Иә, ғылым мен білім саласында жүрген әр күнімізде ұстазымыз профессор Сайлау Ахметұлының тәлімі мен өнегесін еске аламыз. Біз үшін осындай білікті тұлғаның шәкірті болу – зор мақтаныш. Профессор Сайлау Ахметұлы Бабаевтың жарқын бейнесі, ғалымдық биігі, адамдық болмысы біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Ұстаз алдындағы шәкірттік құрмет ешқашан өшпейді дегіміз келеді.

Профессор Сайлау Ахметұлының ғалымдық тұлғасы, адамгершілік болмысы мен ұстаздық өнегесі шәкірттері үшін әрдайым биік үлгі болып қала береді. Ардақты ұстаздың жарқын бейнесі мен ғылымдағы мол мұрасы ұрпақ жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

Диамара ТӨЛЕГЕНОВА,
Политехникалық институттың доценті, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

Отан қорғау – қасиетті парыз

Жыл сайын 7 мамыр күні Қазақстан Республикасында Отан қорғаушылар күні кеңінен аталып өтеді. Бұл мереке – елдің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін қорғауға қызмет етіп жүрген әскери қызметшілерге, ардагерлерге және болашақ Отан қорғаушыларға көрсетілетін ерекше құрметтің белгісі. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері 1992 жылы 7 мамырда құрылды. Дәл осы күні ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен ұлттық Қарулы Күштер құрылып, тәуелсіз еліміздің қорғаныс жүйесінің негізі қаланды. Содан бері Қазақстан армиясы мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, халықаралық талаптарға сай кәсіби құрылым ретінде қалыптасып келеді.



Отан қорғаушылар күні – әскери қызметтің маңыздылығын дәріптейтін, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге бағытталған ерекше мереке. Ел тәуелсіздігін сақтау мен мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту жолында әскери қызметшілердің еңбегі зор. Сондықтан бұл күн әрбір қазақстандық үшін маңызды мерекенің бірі болып саналады. Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеуде – жоғары оқу орындарындағы әскери кафедралардың рөлі ерекше. Олар студенттерге әскери білім мен тәжірибе беріп қана қоймай, жауапкершілік пен тәртіпті, Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастырады. Осындай маңызды міндетті жүзеге асырып отырған оқу орындарының бірі – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің әскери кафедрасы.

Биыл 5 мамыр күні Жәңгір хан университетінің әскери кафедрасында «запастағы сержант» бағдарламасы бойынша білім алып жатқан 98 студент салтанатты түрде әскери ант қабылдады. Бұл – олардың өміріндегі маңызды әрі жауапты кезеңдердің бірі. Іс-шара бары-

сында студенттер Отанға адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, әскери борышын абыроймен атқаруға ант берді. Салтанатты рәсім жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылар үшін ерекше әсерге толы, есте қаларлық күн болды. Әскери ант қабылдау рәсіміне университет басшылығы, әскери кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамы, ардагерлер, студенттердің ата-аналары мен жақындары қатысты.

Әскери ант – әскери қызметшінің мемлекет алдындағы қасиетті серті. Бұл рәсім жас буынның бойында жауапкершілік сезімін арттырып, олардың азаматтық ұстанымын нығайтады. Ант қабылдаған студенттер алдағы уақытта алған білімдері мен дағдыларын ел игілігі жолында қолдануға дайын екендіктерін көрсетті. Сонымен қатар 6 мамыр күні университеттің әскери кафедрасында запастағы бағдарлама бойынша білім алып жатқан тағы 128 студент әскери ант қабылдады. Салтанатты шара жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтіп, әскери дәстүрлер мен патриоттық құндылықтардың маңызын айқындай түсті. Ант қабылдау рәсімінде

студенттер Қазақстан Республикасына адал болуға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, әскери тәртіпті сақтауға және ел қауіпсіздігін қорғауға әрдайым дайын болуға ант етті. Бұл күн олардың өміріндегі маңызды белеске айналып, әскери дайындықтағы жаңа кезеңнің басталуын білдірді. Әскери кафедра басшылығы өз сөздерінде студенттердің әскери даярлығы мен тәртібіне жоғары баға беріп, олардың болашақта білікті маман әрі елжанды азамат болып қалыптасатынына сенім білдірді. Сондай-ақ студенттердің ата-аналары мен қонақтар жастардың жетістіктеріне қуанып, ізгі тілектерін жеткізді.

Бүгінгі таңда Қазақстан жастарының бойында патриоттық рухты қалыптастыру – мемлекеттік маңызы бар міндеттердің бірі. Әскери кафедраларда білім алып жүрген студенттер тек әскери біліммен ғана шектелмей, елге қызмет етудің мәнін терең түсінеді. Олар бейбітшілік пен тұрақтылықтың қадірін бағалай отырып, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне өз үлестерін қосуға дайындалады. Отан қорғаушылар күні қарсаңында өткен әскери ант қабылдау рәсімдері жастардың әскери-патриоттық

тәрбиесінің жарқын көрінісі болды. Бұл іс-шаралар студенттердің азаматтық жауапкершілігін арттырып, олардың бойындағы Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдық сезімін нығайтты. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – тәуелсіздігіміздің берік қалқаны, ал әскери ант қабылдаған жастар – еліміздің жарқын болашағы. Отанды қорғау әр азаматтың қасиетті борышы болып қала береді. Сондықтан ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында қызмет ететін жас буынның тәрбиесі мен дайындығы әрдайым маңызды. Егемен еліміздің көк байрағы биікте желбіреп, Қазақстанның қорғаныс қабілеті нығая берсін!

Қорытындылай келе, Отан қорғаушылар күні – ел тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген азаматтарға көрсетілетін зор құрметтің белгісі. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылған күнмен тұспа-тұс келетін бұл мереке жастардың бойында патриоттық рухты қалыптастырып, Отан алдындағы жауапкершілік сезімін арттыруға ықпал етеді. Жәңгір хан университетінің әскери кафедрасында өткен әскери ант қабылдау рәсімдері – осының айқын дәлелі. Мамыр айында әскери ант қабылдаған 226 студент Қазақстан Республикасына адал қызмет етуге серт беріп, болашақ Отан қорғаушылары ретінде өздерінің азаматтық ұстанымдарын көрсетті. Елдің қорғаныс қабілетін нығайту – әрбір азаматтың қасиетті борышы. Бүгін әскери ант қабылдаған жастар ертеңгі күні мемлекетіміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге өз үлестерін қосатын білікті мамандар мен елжанды азаматтар боларына сенім мол. Тәуелсіз Қазақстанның көк туы әрдайым биікте желбіреп, еліміздің тыныштығы мен берекесі мәңгі жасай берсін!

Сұлтанияр БАЗАРҒАЛИЕВ,
Әскери-патриоттық және
идеологиялық жұмыстар бойынша
әскери кафедра бастығының орынбасары,
запастағы подполковник

БҚАТУ студенті Польшада білім алды

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің III курс студенті Темірлан Ажғалиев академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Lodz University of Technology университетінде бір семестр білім алу мүмкіндігіне ие болды.



қаласында білім алу барысында инженерия және техникалық бағыттағы бірнеше жаңа пәнді меңгердім. Атап айтқанда, Design and Maintenance of Machines, Power Devices and Systems, Mechanical Engineering секілді пәндер бойынша білімді тереңдеттім, – дейді Темірлан Асқарұлы.

Оның сөзінше, бұл пәндер теориялық білімді жетілдіріп қана қоймай, практикалық дағдыларды дамытуға да мүмкіндік берген.

– Шетелде білім алу маған халықаралық тәжірибе жинақтауға, әртүрлі

мәдениетпен танысуға және шет тілінде қарым-қатынас жасау қабілетімді арттыруға көмектесті. Мен бағдарлама аясында Испания, Франция, Германия, Италия және Чехияда болып, аталған елдердің мәдениетімен әрі білім беру жүйесімен таныстым. Бұл сапар менің дүниетанымды кеңейтіп, болашақ мамандығымға деген қызығушылығымды арттырды, – дейді ол.

Қорыта айтқанда, Темірлан үшін академиялық ұтқырлық бағдарламасы үлкен тәжірибе мектебі болды. Студент шетелдік университетте кәсіби білімін жетілдіріп, халықаралық ортада жұмыс істеу қабілетін дамытты.

Қарлығаш МҰХАНБЕТЖАНОВА,
Политехникалық институттың аға оқытушысы

Ардагерлер Жәңгір хан университетіне экскурсия жасады

Жәңгір хан университетінде Орал қалалық ардагерлер кеңесінің төралқа мүшелері, белсенді ардагерлер экскурсия жасады.

Ардагерлер Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық музей, мәдениет және өнер студиясы және «Сұңқар» спорт клубымен танысты.

– Орал қалалық ардагерлер кеңесінің әр жылға арналған жоспары бар. Сол жоспарға сәйкес мамыр айында Зашаған кентінде экскурсия өткізу жоспарланған. Бүгін жиырмаға тарта белсенді ардагер Жәңгір хан университетіне келді. Жалпы бұл экскурсияның мақсаты – тек қана Зашаған кентінде орналасқан ірі ғимараттармен танысу. Сонымен қатар Зашаған кенті ақсақалдар кеңесінің төрағасы Тілекқабыл Ерназаровпен тәжірибе алмасамыз. Экскурсияға келген жанның бәрі – Орал қалалық ардагерлер кеңесінің төралқа мүшелері. Айта кетейін, экскурсия жыл са-



йын ұйымдастырылады, – дейді Орал қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Жанат Сағынаев.

Экскурсия барысында ардагерлер музейдегі тарихи жәдігерлермен танысып, өңір тарихына қатысты құнды мәліметтер алды. Сонымен қатар мәдениет және өнер студиясының шығармашылық жұмыстары мен студенттердің жетістіктеріне қызығушылық танытты. «Сұңқар» спорт клубында жастардың спортпен шұғылдануына жасалған мүмкіндіктер таныстырылды. Кездесу соңында ардагерлер университет ұжымына алғыс айтты.

Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ
баспасөз хатшысы
Гүлмира САРСЕНҒАЛИ

Компьютерде
беттеуші
және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың баспасөз қызметінде теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 599 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

Мақаладағы

Баспасөз қызметінің мекенжайы:
090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 231-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru